

Индер аудандық Қоғамдық кеңестің 3 (үш) жыл ішінде атқарылған жұмыстары туралы ЕСЕБІ

Құрметті Қоғамдық кеңестің мүшелері және кеңес отырысына қатынасушылар!

Бүгінгі таңда Қоғамдық кеңестер мемлекеттік басқару мен азаматтық қоғам арасындағы алтын көпірге айналып, ел өмірінде маңызды рөл атқаруда. Қоғамның дамуы мен халықтың әл-ауқатын арттыру жолында қоғамдық кеңестердің ашықтық, жариялылық және әділдік қағидаттары басты назарда.

2022 жылдың 28 наурызында Индер аудандық мәслихатының кезекті 28 сессиясында 15 (он бес) мүшеден тұратын Қоғамдық кеңестің құрамы бекітілді. Бүгінгі күні кеңес мүшелерінің нақты саны 13 (он үш).

Аудандық Қоғамдық кеңестің үш жыл ішіндегі кеңейтілген мәжілістері мен отырыстарында аудан әкімінің, кент, округ әкімдері мен салалық бөлім басшыларының ауданның және саланың әлеуметтік-экономикалық жағдайы мен даму индикаторларының көрсеткіштері туралы баяндамалары тыңдалды. Бекітілген жоспарға сәйкес 2022 жылы - 19, 2023 жылы - 26, 2024 жылы – 15 отырыс өткізіліп, қаралған мәселелер аудандық «Дендер» газетімен Қоғамдық кеңестің Facebook әлеуметтік парақшасында, KazKENES және аудандық мәслихат аппаратының интернет-ресурстарында жарияланды.

Аудандық Қоғамдық кеңес осы үш жылда өз жұмысын ашықтық, жауапкершілік және халық мүддесін қорғау қағидаттарына негіздей отырып, қоғам мен билік арасындағы өзара сенімді нығайтуға ұмтылды. Үш жыл есепті мерзім ішінде қоғамдық пікірді тыңдап, оны шешім қабылдау процесіне енгізу, мемлекеттік бағдарламалар мен бастамалардың орындалуына бақылау жасау және халықтың көкейтесті мәселелерін шешу жолында жұмыстар атқарды.

2022 жылы Қоғамдық кеңестің отырыстарында қаралған мәселелердің бірі ***Индербор кентінің тазалығы, көгалдандыру және абаттандыру бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелері туралы*** кент әкімі мен тазалыққа жауапты мекеме басшысының баяндамасы тыңдалды. Бұл бағыттағы жұмыстар аудан тұрғындарының өмір сапасын жақсартуға тікелей ықпал ететіндіктен Қоғамдық кеңес ауданымыздың көркін арттыру, тұрғындардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға сондай – ақ табиғатты қорғауға, аудан тұрғындарының тазалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған

ұсыныстар берілді. Қоқыс полигонының ұлғаюына байланысты Қоғамдық кеңестің мүшесі С.Халықов, М.Мұқанов және бірқатар белсенді азаматтар мәселе көтеріп «Дендер» газетіне мақала жариялады.

Көктемгі дала жұмыстары – ауыл шаруашылығы саласындағы ең жауапты кезеңдердің бірі сондықтан аудан бойынша **көктемгі дала жұмыстарын ұйымдастыру барысы туралы** аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі басшысының баяндамасы тыңдалды. Ауданымызда ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін арттыру, егін алқаптарын тиімді пайдалану, жұмыс барысын кезең – кезеңімен қадағалап қиындықтарды уақытылы шешу, зиянкестер мен аурулардың алдын алу шараларын жүргізу т.б ұсыныстар берілді.

Қоғамдық кеңес мүшелері аудандық мәслихат депутаттарымен бірлесіп Индербор кентіндегі, Көктоғай және Есбол ауылдық округтеріндегі құрылыс нысандарына бақылау ретінде жұмыстары ұйымдастырылды. Аудандық мәслихат депутаттарымен бірлесіп кент, ауылдық округтердің тұрғындарымен кездесіп ұсыныс-пікірлері тыңдалды.

2023 жыл: Мемлекеттік қызметтер сапасының проблемалары ол қызмет көрсету уақыттарының кешіктірілуі, азаматтар тарапынан түсінбеушілік немесе ақпараттың жетіспеушілігі, техникалық ақаулар және қызметкерлердің біліктілігінің жеткіліксіздігі осыған орай **Индер ауданының жергілікті атқарушы органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен проблемалық мәселелері, оның шешілу жолдары мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралар туралы** баяндама әр тоқсан сайын тыңдалып, қызмет көрсету стандарттарын қатаң бақылау, электронды қызметтердің қолжетімділігін арттыру, халыққа түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру және жергілікті атқарушы органдардың қызметкерлеріне біліктілік арттыру курстарын өткізу туралы ұсыныстар берілді.

Білім – ел болашағының іргетасы, қоғамның дамуы мен өркендеуінің негізі. Әрбір ұлттың рухани және экономикалық жетістігі оның білім сапасымен өлшенеді. Білім – тек мектептің немесе мұғалімдердің жауапкершілігі ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Сондықтан қоғамдық кеңестің жоспарына сәйкес аудандық білім бөлімінің сектор меңгерушісі Ш.С.Сабированың «Аудан мектептеріндегі ұлттық бірыңғай тестілеуге дайындық және білім бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері, балалардың сабақтан тыс және жазғы кезеңдерде бос уақыттарын өткізу туралы» баяндамасы тыңдалып, бірқатар ұсыныстар берілді.

«Индер аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның директоры А.Х.Доспаеваның *«Аудан бойынша денсаулық сақтау саласындағы өзекті мәселелері туралы»* баяндамасы тыңдалды. Денсаулық сақтау – әрбір адамның негізгі құқығы және қоғамның әлеуметтік тұрақтылығы мен дамуының басты кепілі. Ауданымыздың денсаулық сақтау саласының жағдайы халықтың өмір сүру сапасын, еңбекке қабілеттілігін және болашақ ұрпақтың денсаулығын анықтайтын негізгі фактор болып табылады. Ауданның әрбір тұрғыны сапалы медициналық қызметке қол жеткізуі тиіс сол себепті аудандық аурухана басшылығына: ауданның денсаулық сақтау саласын жақсарту үшін жүйелі түрде жұмыс жүргізу, халыққа сапалы қызмет көрсетуді арттыру, қолданыстағы медициналық нысандарды жөндеу және жаңарту, ауылдық елді мекендердегі медициналық пункттерді жаңа көлікпен қамту, білікті дәрігер мамандарын тарту, заманауи технологиялар мен цифрлық денсаулық сақтау жүйелерін енгізу ұсынылды.

Рухани мәдениет – ұлттың рухын көтеретін, қоғамның дамуына, жастардың тәрбиесіне және ұлттық бірегейліктің сақталуына ықпал ететін басты құндылық. Аудан тұрғындарының рухани дүниесін байыту, мәдениет пен өнерге деген қызығушылығын арттыру – қазіргі қоғамның маңызды міндеттерінің бірі.

Бұл бағытта Қоғамдық кеңестің отырысында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Ж.Тілепқалиеваның *«Аудан тұрғындарының рухани мәдениетін көтеру мақсатындағы іс шаралар және аудан бойынша үйірмелердің тиімділігін арттыру мен насихат жұмыстары туралы»* баяндамасы тыңдалды. Мәдениет үйлері мен кітапханалар, спорттық және шығармашылық үйірмелер, ұлттық дәстүр мен өнерді насихаттайтын іс-шаралар арқылы тұрғындардың рухани сұранысын қанағаттандыруға болады.

Аудан бойынша жұмыс істеп тұрған үйірмелер мен шығармашылық секциялардың тиімділігін арттыру – жас ұрпақтың қабілетін дамытуға және олардың бос уақытын тиімді өткізуге ықпал ететін маңызды бағыт. Үйірмелердің жұмысы тек аудан орталықтарымен шектеліп қалмай, ауылдық елді мекендерде де кеңінен насихатталуы тиіс. Бұл бағытта жаңа форматтағы іс-шаралар мен ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру ұсынылды.

Аудандағы діни ахуал қоғамдағы тұрақтылық пен әлеуметтік келісімнің маңызды көрсеткіші болып табылады. Қазіргі таңда аудандағы діни жағдай, негізінен тұрақты. Халықтың басым көпшілігі

дәстүрлі діни құндылықтарды ұстанып, дінаралық татулықты сақтауда. Дегенмен Қоғамдық кеңестің отырысында аудандық ішкі саясат бөлімінің басшысы А.Дюсубалиеваның **«Аудандағы діни ахуалдың жай күйі, діни тұрақтылықты сақтау және нығайту бағытында атқарылған жұмыстары туралы»** баяндамасы тыңдалды. Ауданда діни тұрақтылықты сақтау – елдің қауіпсіздігі мен болашағы үшін аса маңызды. Бұл бағытта мемлекеттік органдар, діни бірлестіктер және қоғам белсенділері бірлесіп әрекет ету, аудан деңгейіндегі жүйелі жұмыс және халықтың белсенді қатысуы арқылы діни ахуалды тұрақты ұстау және қоғамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету ұсынылды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету және құқық бұзушылықтардың алдын алу – ауданның әлеуметтік тұрақтылығы мен тұрғындардың тыныш өмірінің басты негізі. Бұл бағытта аудандық полиция бөлімі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің бастығы, полиция подполковнигі Б.Қайыржановтың **«Аудандағы қоғамдық тәртіп, жол қауіпсіздігі, құқық бұзушылықтардың алдын алу бағытында атқарылған жұмыстары туралы»** баяндамасы тыңдалды. Осы бағыттағы тұрғындарды мазалаған проблемалық мәселелер талқыланып, аудан көлемінде қоғамдық тәртіпті нығайтып, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және құқық бұзушылықтардың алдын алу мақсатында бірқатар ұсыныстар берілді.

2024 жылы **аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыстары туралы** есебін тыңдап, атқарылған жұмыстар мен қол жеткізілген нәтижелерге баға бердік. Бөлім қызметінің аудан тұрғындарының әлеуметтік әл-ауқатын жақсартуда маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Есеп барысында жұмыспен қамту, әлеуметтік қолдау және аз қамтылған азаматтарға көмек көрсету бойынша бірқатар ауқымды шаралардың жүзеге асқанын көрдік. Әсіресе, мемлекеттік бағдарламаларды тиімді іске асыру, халықты тұрақты жұмыспен қамтуға тарту және әлеуметтік осал топтарға көмек көрсету бойынша жасалған қадамдарды ерекше атап өтуге болады. Сонымен бірге, талқылау барысында бірқатар өзекті мәселелер мен оларды шешу жолдары айтылды.

Көктемгі су тасқынынан кейін **Индербор кентінің оң жағалау бөлігінің егжей-тегжейлі жоспарлау жобасы** Қоғамдық кеңестің кеңейтілген отырысында талқыланды. Жоспарды қайта қарау барысында су тасқыны қаупін барынша азайту, инженерлік инфрақұрылымды күшейту және тұрғын үйлердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты назарда болды.

Қайта қаралған жоба Индербор кенті тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға, көктемгі су тасқынының салдарын барынша азайтуға бағытталған. Бұл шешім тұрғындар үшін жайлы әрі қауіпсіз орта қалыптастырудағы басты қадам болмақ.

Бүгінгі таңда қоғам тарапынан мемлекеттік қызметке қойылатын талаптар күшейіп келеді сондықтан Қоғамдық кеңестің отырысында Әдеп жөніндегі уәкілдің **мемлекеттік қызметшілердің әдебі туралы** баяндамасы тыңдалды. Мемлекеттік қызметшілердің әдеп нормаларын сақтау, қызмет көрсету сапасын жақсарту және бұл бағыттағы озық тәжірибелер талқыланды. Әдептілік тек мінез-құлық ережелерін сақтау ғана емес, ол азаматтардың мүдделерін құрметтеу, адалдық пен әділдік принциптеріне негізделген ашықтық пен жауапкершілік мәдениетін қалыптастыру. Мемлекеттік қызметшінің әдебі халықтың билікке деген сенім деңгейін тікелей анықтайтындықтан Әдеп жөніндегі уәкілге бірқатар ұсыныстар берілді.

Аудандық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің 2023 жылы атқарған жұмыстары туралы есебі тыңдалды.

Бұл бөлім – ауданымыздың экономикалық өсуінің маңызды бағыттарын қамтитын, халықтың әл-ауқатын арттыруға және ауданның әлеуетін дамытуға зор үлес қосатын негізгі құрылымдардың бірі. Есеп барысында бөлімнің атқарылған жұмыстарының нәтижелерімен танысып, осы саладағы жетістіктер мен шешілуі тиіс мәселелер талқыланып, ұсыныстар берілді.

Жергілікті қоғамдастық – тұрғындардың өз өңірінің дамуына қатысуына мүмкіндік беретін маңызды алаң. Бұл өзекті мәселелерді шешуде, жаңа бастамаларды жүзеге асыруда және жергілікті тұрғындардың өмір сапасын арттыруда ерекше рөл атқарады. Қоғамдық кеңестің жоспарында сәйкес кеңес отырысында **Есбол ауылдық округіндегі жергілікті қоғамдастық жұмыстарының нәтижесі туралы** Есбол ауылдық округінің әкімі А.Тілекқабылдың баяндамасы тыңдалды. Қоғамдастықтың белсенділігі мен бірлігі – ауылдық округтердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы ең басты қозғаушы күштердің бірі. Бұл талқылау болашақта қоғамдастық жұмысының тиімділігін арттыруға және ауылдық округтердің дамуына жаңа серпін беруге ықпал етеді деп сенеміз.

Аудандық қоғамдық кеңестің мүшесі С.Халықовтың бастамасымен **ауданымыздағы пошта тасымалының жай-күйі** мен оған байланысты туындаған проблемалар қоғамдық кеңестің отырысында талқыланды. Әсіресе, аудандық пошта бөлімшелерінде пошта тасымалдаушы қызметкерлерінің тапшылығы, бұл мәселенің халыққа қызмет көрсету сапасына әсері және оны шешу жолдары

ерекше назар аударуды талап етеді. Себебі пошта қызметі – тұрғындардың күнделікті өмірінде маңызды орын алатын инфрақұрылымның бір бөлігі. Алайда, еңбек ақының төмендігі сияқты факторлар кадр тапшылығына әкеліп, пошта қызметін сапалы ұйымдастыруда қиындықтар туғызуда. Бұл мәселені талқылау барысында шешім қабылдау үшін тиісті ұсыныстар берілді.

Кеңес отырысында аудандық мәслихат депутаттарымен бірлесіп Индербор кентіндегі Көктем мөлтек ауданының 11-учаскесінде орналасқан 80 пәтерлік тұрғын үйдің берілу тәртібі туралы маңызды мәселе талқыланды. Қоғамдық кеңестің бұл мәселені назарға алып, тұрғын үй беру тәртібін талқылауы – халық пен билік арасындағы байланысты нығайтуға бағытталған тиімді қадам. Бұл талқылау тұрғындар арасындағы сенімді арттырып, тұрғын үйді бөлу процесінің барынша ашық болуын қамтамасыз етеді. Бұл мәселе – аудан тұрғындарының баспанаға қол жеткізуін қамтамасыз етудегі маңызды қадам және әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету бағытындағы жауапты міндеттердің бірі. Тұрғын үйді бөлу кезінде халықтың әлеуметтік осал топтарының, жас отбасылардың және басқа да мұқтаж азаматтардың қажеттіліктерін ескеру аса маңызды. Сондықтан бұл мәселені талқылау кезінде тұрғындардың сұранысын әділ, ашық және заңға сәйкес қарастырып, ұсыныс берілді.

Өткен отырыстардың хаттамалары толтырылып, қабылданған Қарарлар тиісті сала басшыларына жолданды.

Құрметті кеңес отырысына қатынасушылар, бүгін Сіздерге аудандық Қоғамдық кеңестің соңғы үш жыл ішіндегі атқарған қызметі туралы есепті баяндап өттім. Заңнамаға сәйкес Қоғамдық кеңестің мерзімі үш жылды құрайды, яғни биыл осы наурыз айында 2022 жылы құрылған Қоғамдық кеңес өз жұмысын тоқтатады. Әрбір отырысымызда қоғамның өзекті мәселелері қаралып, халықтың ұсыныстары мен шағымдары назарға алынды. Кеңес мүшелері өз қызметінде адалдық пен жауапкершілік принциптерін ұстана отырып, халықтың сенімін ақтауға барынша тырысты.

Алдағы уақытта да қоғамдық кеңес өз жұмысын жалғастырып, ауданымыздың одан әрі дамуы мен тұрғындардың өмір сапасын арттыру жолында қызмет ететініне сенім білдіреміз. Кеңестің әрбір мүшесіне атқарған еңбектері үшін алғысымызды білдіреміз.

Назар қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет!